


# ШЫҒЫН АЙНАЛЫМЫН БОЛЖАУ

Лектор: Жакипбеков К.С. – PhD



# МАҚСАТЫ

- ▣ Білім алушыларды шығын түрлерімен және жіктелуімен таныстыру.

# ЖОСПАР

1. Шығынның түрлері және жіктелуі.
2. Жалпы, ауыспалы және тұрақты шығындар.

# Шығынның түрлері және жіктелуі

Кез келген тауарды, оның ішінде дәрілік заттарды өндіру және сату экономикалық ресурстардың белгілі бір шығынын талап етеді. Тауарларды соңғы тұтынушыға дейін жеткізу де ресурстар шығынын талап етеді.

Тиімді жұмыс істеу үшін кез келген ұйым өз шығындарын дәл болжауы керек. Мұндай болжамдар келесілер үшін негіз болып табылады:

- а) тауарларға баға белгілеудің;
- б) шығындарды қысқартудың (шығындады минимизациялау);
- в) табысты ұлғайтудың (табысты максимизациялау).

Дәріхана шығыны – бұл өндіру кезінде өзіндік құнына кіретін, сонымен бірге ДП мен ММБ өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізумен байланысты шығындар, ол ақшалық мәнде беріледі.

Шығын салыстырмалы көрсеткіш – шығын деңгейімен берілуі мүмкін, ол келесі формуламен есептеледі:

$$\text{Дәріхананың шығын деңгейі} = \frac{\Sigma \text{дәріхана шығыны}}{\text{сату көлемі} \times 100}$$

Бұл сатудың (өндірістің) әрбір теңгесіне шығынды анықтайтын сапалық экономикалық көрсеткіш. Осы көрсеткіш экономикалық талдау үшін негізгісі болып табылады. Дәріхана шығынының деңгейінің оң тенденциясы оның төмендеуі болып табылады.

«Сату-сатып алу» функциясын орындайтын кез келген кәсіпорынның қызметі бірнеше шығын түрлерінің барлығымен байланысты– сақтау, тасмыалдау, сату, өндіру және т.б шығындар.

# Жалпы, ауыспалы және тұрақты шығындар


*Жалпы шығындар* (TC – total cost) екі компоненттен тұрады: тұрақты және ауыспалы.

*Тұрақты шығындар* (FC – fixed cost) кәсіпорынның шығаратын өнімінің көлеміне байланысты болмайды, олардың өзгеруі сату көлемінің өзгеруіне байланысты болмайды.



Ауыспалы шығындар (VC – variable cost) шығарылатын өнімнің көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Оған шикізатқа, транспортқа жұмсалатын шығындар, еңбек ресурстарына жұмсалатын шығындар жатады. Ауыспалы шығындарды басқаруға болады, өндіріс көлемін, сату көлемін өзгерту арқылы. Қанша өнім шығару керек немесе халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін дәрілік препараттарды қанша сомаға сату керектігі туралы шешім қабылдау үшін, өнімнің шығарылуы мен сатылуының өзгеруімен ауыспалы шығынның қалай өсетінін білу керек.

# 1 кесте. Шығынның жіктелуі және түрлері



## 2 кесте. Дайындау кезінде өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік түзетін шығында

### *1. Материалды шығындар:*

- 1) шикізат және материалдар
- 2) өндіріс процесіне, технологиялық процестерге, буып-түюге, өндірістік және шаруаш. мұқтаждықтарға (НЗ бақылау, жөндеу, қосымша бөлшектер, арнайы киім мен аз бағалы заттардың тозуы)
- 3) жартылай фабрикаттар
- 4) табиғи шикізат
- 5) отынның барлық түрлері, электроэнергия, жылыту
- 6) энергияның барлық түрлері
- 7) шығын нормасы шегінде жетіспеушіліктен болған шығындар
- 8) тараның құны

### *4. Негізгі қорлар амортизациясы:*

НЗ толық қалпына келтіруге амортизация, индексация нәтижесінде амортизациялық бөлінулердің өсуі

### *2. Еңбекті төлеуге шығындар:*

- 1) негізгі өндірістік персоналдардың жалақысы, сыйлықақы, компенсациялары
- 2) кезекті демалыс
- 3) өнімнің құны
- 4) штатты қысқарту бойынша
- 5) келісім бойынша
- 6) практика кезінде мамандарға төлеу

### *3. Әлеуметтік мұқтаждыққа бөлунілер*

Зандылыққа сәйкес мем. әлеум, сақтандыруға, зейнетақы қорына, мем. еңбекпен қамту қорына және мед. сақтандыруға өзіндік құнына кірген еңбекті төлеу шығындарынан міндетті бөлінулер

### *5. Өзге шығындар:*

- 1) салықтар
- 2) мүлікті сақтандыру
- 3) несие
- 4) жұмысшылардың жеке категорияларына төлем
- 5) іссапарлар
- 6) күзет
- 7) дайындау және қайта дайындау
- 8) байланыс, ЕО, банк қызметтері
- 9) жалға алу
- 10) материалды емес активтердің тозуы
- 11) республикалық қорға бөлінулер
- 12) сату бойынша шығындар

# ӘДЕБИЕТ

Негізгі:

1. Багирова В.Л. Управление и экономика фармации. – Москва: Медицина, 2004. – 716 с.
2. Лоскутова Е.Е. Управление и экономика фармации. Фармацевтическая деятельность. Организация и регулирование. – Москва: АСADEMIA, 2003.

Қосымша:

1. Криков В.П., Прокопишин В.И. Организация и экономика фармации. – Москва: Медицина, 1999. – 624 с.

# БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАР (КЕРІ БАЙЛАНЫС)

1. Шығын деген не?
2. Шығынды болжау не үшін қажет?
3. Шығын қандай көресткіштерде болжанады?
4. Шығынның жіктелуі.
5. Шығынның түрлері.
6. Шығын баптары.
7. Өндіріс және айналыс шығыны.
8. Шығындар: өзгертілген; нақты; қайтымсыз.
9. Жалпы шығындар: тұрақты; ауыспалы.

